

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНА БЕЙІМДЕУ

Шадияр Мейрамбек Амантайұлы
mirow0027@gmail.com

6B01401 - Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен
жаттықтырушысы білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, философия докторы (PhD) - Мугауина Г.О.

Жаһандану дәуірінде білім беру процесінде инклюзивті білім беру міндеттердің бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру - жалпы білім беруді трансформациялау процестерінің бірі. Бүгінгі таңда ерекше білімді қажет ететін балалар не істей алады және қоғамға араласу үшін оларға не керек деген сұрақ мазалайды. Бұл трансформация барлық адамдар үшін білім алуға қолжетімділік жағдайларын қалыптастыруға бағыт алады, соның ерекше білімді қажет ететін балаларды ішінде дене шынықтыру сабағына баулу маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңында бекітілгендей: «Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» [1] деп қарастырады.

«Инклюзивті білім» ұғымы - әрбір тұлғаның білім алуы, негізгі құқығы және әділетті қоғам үшін негіз жасайды деген сеніммен қалыптасады. Инклюзивті білім беру ХХ ғасырдың 70 жылдарынан бастап Европа елдерінен бастау алады.

Олай болса, инклюзивті білім беру - бұл жалпы дамудың үздіксіз процесі, баршаға сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған білім берудің әртүрлі деңгейдегі қажеттіліктер мен қабілеттерді анықтау және кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою болып табылады. Сонымен бірге, инклюзивті білім беру - бұл барлық балалардың қабілеттеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, олар дами алатын жүйеде сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етуге бағытталған процесс екендігі мәлім.

Біз зерттеу тақырыбымызда инклюзивті білім берудің негізгі сегіз қағидасын төмендегідей жіктеуді жөн көрдік. Олар:

- Адамның құндылығы (оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты болмауы керек);

- Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

- Әр адамның қарым-қатынасжасауға және тыңдауға құқығы бар;

- Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;

- Сапалы білім тек нақты қатынастар аясында жүзеге асырылуы тиіс;

- Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж;

- Барлық білім алушылар үшін прогреске жету мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығына болуы керек;

- Әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін күшейтеді.

Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті білім берудің негізгі қағидаларын жүзеге асыру үшін мынадай тәсілдерді негіздейді:

- Әрбір бала білім алу құқығына ие және оған тиісті білім деңгейін беру мүмкіндігін жасау;

- Әрбір баланың өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері және оқу қажеттіліктері бар екенін ескеру керек.

- Білім беру жүйелерін әзірлеу және білім бағдарламаларын жүзеге асыру қажет, осылайша ерекшеліктер мен қажеттіліктердің кең ауқымын ескеру керек;

- Білім беру саласында ерекше білімді қажет ететін балалар барлық мектептерде, колледждерде, университеттерде оқуға, білім алуларына қол жеткізуі тиіс.

Демек, жоғарыдағы келтірілген қағиданы ескере отырып, ерекше білімді қажет ететін балаларды дене шынықтыру сабақтарына бейімдеу жолдарына тоқталамыз.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен сабақ жүргізудің негізгі формасы – дене шынықтыру сабағы маңызды рөл атқарады. Дене шынықтыру пәні оқу процесінің алғашқы кезеңінен бастап баланың денсаулығын нығайту, дамуына және тәрбиесіне маңызды рөл атқарады. Дене шынықтыру пәні ерекше білімді қажет ететін балаларға жалпы білім беретін мектепте бейімделген білім беру бағдарламасы қолданылуы керек.

Дене шынықтыру сабағына бейімдеу - бұл моторика мен қозғалыс жүйесінің бұзылуларын түзету, биомеханикалық, физиологиялық және психологиялық аспектілерін біріктіретін процесс болып табылады. Дене шынықтыру сабағында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың категориясына байланысты физикалық жаттығулар, ойындар, спорт элементтері, тыныс алу гимнастикасы және релаксация жаттығуларын жатқызамыз. Дене шынықтырудың арнайы жаттығулары балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіріп, бір мезетте сөйлеу дағдалары мен интеллектілерін дамытуға үлкен ықпалын тигізеді.

Дене шынықтыру сабағына бейімделудің мақсаты - ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық және физикалық жағдайын түзету және оларды жою, әлеуметтік функцияларын қалпына келтіру болып табылады [2].

Ал, ізденушілер Г.А. Литвина, В.Е. Кульчицкий және А.В. Агеевтің пікірлерінше, дене шынықтыру сабағына бейімделудің мақсаты - ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өмірлік қабілеттілігін мүмкіндігінше толық дамыту, оның физикалық және психологиялық сипаттамаларының оңтайлы жұмыс режимін қамтамасыз ету, үйлесімділікті орнату және максималды өзін-өзі жүзеге асыру [3] деп көрсетеді.

Дене шынықтыруға бейімдеу - бұл интеграцияланған ғылым болып табылады, себебі ол әртүрлі салаларды дене шынықтыру пәні, педагогика, психология, медицина, түзету педагогикасы, арнайы педагогика, қол-аяқ моторикаларды және т.б. біріктіреді.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт саласындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен арнайы жаттықтырушы, дене шынықтыру нұсқаушысы, дене шынықтыру педагогы, емдік дене шынықтыру, массаж бойынша нұсқаушы-әдіскерлер, логопедтер, психологтар, тьюторлар, сынып жетекшісі және т.б. мамандар қажет. Аталған мамандар балалардың дене шынықтыру сабақтарына бейімделулеріне, мақсаттарына жетуге көмектесіп, ерік-жігерлерін дамытуға, физикалық қасиеттерін нығайтуға ықпал етуге, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мүмкіндіктерін барынша арттыруға септігін тигізеді [4].

Дене шынықтыру сабақтарында балалардың физикалық қасиеттердің дамуына, моральдық-еріктік қасиеттердің тәрбиеленуіне, сондай-ақ төменгі сынып оқушыларының интеллектуалды дамуына әсер ететін ойын технологияларын қолдануға да болады. Мұнда жұппен немесе топпен жұмыс істейтін болады: бірінші бала - ерекше бала, екіншісі - қалыпты бала. Бұл бұрын орындалған жаттығуларды жетілдіруге және жаңа, күрделірек жаттығуларды меңгеруге мүмкіндік береді. Қозғалыс түрлері «ерекше» баланың ауруына сәйкес таңдалуы тиіс. Нәтижесінде балалар белсенді болады, олардың қимылдарында икемділік пен жылдамдық, дәлдік пен сигналдарға жылдам реакция жасау қабілеті жақсы дамиды, теңгерім мен кеңістікте бағдарлану жақсарайды, өзара көмек пен қолдау тәрбиеленеді. Жаттығуларды орындау процесінде дененің физикалық жүктемесін мөлшерлеу қажет, бұл денсаулыққа пайдалы әсер етуі үшін өте маңызды болып табылады. Сабақтарда әртүрлі денсаулық деңгейіне ие балалармен физикалық жаттығулар арқылы жүрек-қан тамыр жүйесінің функционалдық күйі мен физикалық дайындық деңгейін бақылау қажет. Қандай да бір адаптивті дене шынықтыру әдісі немесе тәсілі қолданылса да, педагогтың әрекетінің соңғы нәтижесі - бұл әлеуметтік кедергілерді жеңу және дене мүмкіндігі шектеулі баланы білім беру ортасына интеграциялау болуы тиіс.

Ерекше балаларды дене шынықтыру сабағына бейімделудің жолдары мынадай:


- Жеке даралық (себебі, бағдарлама әр оқушының мүмкіндіктеріне сәйкес жасалуы тиіс);
- Компенсаторлы бағыттылық (себебі, дене функцияларының жетілмеген немесе жоғалған бөліктерін белгілі бір жағдайларда (жаттығуларда) қалпына келтіру;
- Жас ерекшеліктерін ескеру (себебі, дене ерекше білімді қажет ететін балалардың жас ерекшеліктері әрқашан сәйкес келе бермейді);
- Әділеттілік (барлық компенсаторлық, емдік-жаңғырту құралдары мен әдістерінің сәйкестігі).

Сонымен бірге, дене шынықтыру сабағы арқылы денсаулығында ауытқулары бар оқушылардың психикалық және физикалық жағдайларын айтарлықтай жақсартуға болады және ең бастысы оларды өздеріне қолайлы физикалық жаттығуларға тартуға, психофизикалық күйлерін басқара алуларына көмектеседі. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға дене шынықтыруды оқыту жалпы және жеке түзету жаттығуларын, сондай-ақ физикалық тұрғыдан тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын қолдануды талап етеді. Мысалы, қимыл-қозғалыс жүйесінің бұзылулары бар балалар үшін арнайы жаттығулар қолдануға да болады.

Ғалым Н.Н. Ефименконың «Қозғалыс жүйесінің бұзылулары бар балаларды коррекциялық бағытталған физикалық тәрбиелеудің негіздері» атты еңбегінде, балалардың қозғалыс реабилитациясының эволюциялық әдістерді қарастырады. Зерттеуші адам қозғалыстарының эволюциясын туылғаннан бір жасқа дейінгі кезеңде қайталауды негізге алуды ұсынады. Бұл әдіс жаттығуларды горизонтальды күйден бастау қажет екенін, кейін вертикальды қалыпқа өтіп, содан соң белсенді жаттығуларды қосу керектігін атап көрсетеді. Олар: жүру, жүгіру, секіру [5].

Сонымен бірге, Н.Н. Ефименко өз жұмысында жаттығуларды ең төменгі позалардан бастау қажет екенін атап көрсетеді. Мысалы, қарында, арқада жатып, алақандарға сүйеніп отыру, кейіннен тізелерде отырып, иықтар мен алақандарға сүйеніп тұру. Бастапқы қалыптарда тұрған, отырған, жатқан, тізелерге сүйеніп тұрған жағдайда мойын омыртқасы, иық белдеуінің бұлшықеттері, қол, дене, жамбас белдеуі, төменгі аяқтар үшін жаттығулар орындау қажет. Сондай-ақ, қозғалыс кезінде техникасы күрделі жаттығуларды орындау керек: жүру, өрмелеу, жүгіру, секіру. Оның концепциясында дененің төменгі жағдайы қозғалыстардың баяу әрі тыныш болуына әкелуі керек деп қарастырады.

Ерекше балаларға арналған дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру мен өткізу ерекшелігі - бұл шығармашылық жұмыс, ол педагогтың жоғары біліктілік деңгейін талап етеді. Мұнда педагогтың дайындығы мен өз ісіне шығармашылық көзқарасы денсаулығында ауытқулары бар балалардың физикалық дамуына, қозғалыс дағдыларын меңгеруіне, сондай-ақ олардың қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейтуге әсер етеді. Физикалық жаттығулар арқылы денсаулықтарын жақсартып отырып, дене мүмкіндігі шектеулі балалар өздері үшін денсаулықты жақсарту, жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асырудың жаңа жолдарын ашады. Инклюзивті практикаға бағыт алған білім беру мекемесінің негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) оқушылар мен олардың қатарластарының дамуы және әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайлар жасау болып табылады. Біз қарастырып отырған ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік бейімделу факторларын ескере отырып, дене шынықтыру сабағына бейімделу моделінің құрылымын жасауға негіз болды. Балалардың спорттық іс-әрекеттің әлеуметтік бейімделуіне өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі сауықтыруға өзектендіреді және оның өмір сүру сапасын арттырады, әлеуметтік ортаға барынша интеграциялануға ықпал етеді (1-сурет).



Сурет 1 - Дене шынықтыру сабағында оқушыларды бейімделу моделінің құрылымы

Суретте көріп отырғанымыздай, дене шынықтыру сабағына оқушыларды бейімдеу моделінің құрылымы жеті элементтен тұрады. Олардың әрқайсысы белгілі бір функцияға тән. Сонымен қатар, бейімделген дене тәрбиесінің моделінің құрылымы әлеуметтік-мәдени функцияға да ие, ол нақты бір элементке байланысты емес, бірақ әр элементке тән. Сондықтан, біздің ойымызша, әлеуметтік-мәдени функция, ең алдымен, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне көптеген үлес қоса алатынын аңғардық.

Дене шынықтыру - балалардың денсаулығын жақсарту, дене жаттығуларын жасау арқылы күш-жігерді арттыру мен шыдамдылықты дамытуға көмектеседі. Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін дене шынықтыру сабақтары тек физикалық даму ғана емес, сонымен қатар психологиялық қалпын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл сабақтар балалардың өздеріне деген сенімділігін арттырып, әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, дене шынықтыру сабақтарын ерекше балаларға бейімдеудің бірнеше мынадай әдістемелерді қарастыруға болады:

- *Жеке көзқарас пен әр баланың ерекшелігін ескеру* (әр бала өзіндік қиындықтарға ұшырайды, сондықтан жеке бағдарламалар мен жаттығулар ұсынылуы тиіс); Мысалы, кейбір балалардың қозғалыс қабілеттері шектеулі болса, оларға көмекші құралдар (инвалид арбалары, ортопедиялық аяқ киімдер) ұсынылуы мүмкін.

- *Позитивті мотивация* (баланың жетістіктерін бағалау, оны қуаттау және жетістіктері үшін мадақтау маңызды. Бұл балалардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырады);

- *Қарапайым жаттығуларды енгізу* (ерекше балалардың дене шынықтыру сабақтарында қарапайым, бірақ тиімді жаттығуларды қолдану өте маңызды. Мысалы,

серуендеу, жеңіл гимнастика және ойнақы жаттығулар арқылы дене қозғалысын дамытуға болады);

- *Әлеуметтік дағдыларды дамыту* (дене шынықтыру сабақтары әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бірге жұмыс жасау, ойындар мен тапсырмаларды орындау арқылы балалар өзара қарым-қатынас дағдыларын үйренеді).

Зерттеу тақырыбымызды қорыта келе, ерекше білімді қажет ететін балаларды дене шынықтыру сабақтарына бейімдеу – бұл олардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Мұндай сабақтар балаларға денсаулықтарын нығайтуға, өздерін қоғамда еркін сезінуге және жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан да дене шынықтыру пәні ерекше балалар үшін тек спорттық жаттығулар емес, оларды толыққанды тұлға етіп тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Сонымен бірге, ерекше білімді қажет ететін балаларды дене шынықтыру сабағы арқылы бейімдеуде арнайы қолайлы жағдайлар жасауымыз керек. Өйткені, дене шынықтыру - балаларды сауықтырудың, жетілдірудің және іске асырудың жаңа жолдарын ашады. Олай болса, инклюзивті білім беру оқыту мен тәрбиелеуге арналған тәсілді әзірлеуді мақсат етеді, бұл әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға икемді болуы тиіс. Егер оқыту мен тәрбие инклюзивті білім беру енгізген өзгерістер нәтижесінде тиімдірек болса, онда барлық балалар (тек ерекше білімді қажет ететін балалар емес) женеді деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. Қаралған күн: 26.03.2025ж.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Строгова Н.А. Адаптивная физическая культура в системе комплексной реабилитации и социальной интеграции инвалидов / Н.А. Строгова // Теория и практика общественного развития. – 2012. – № 2. – С. 169–171.
3. О.С. Коган // Вестник Орловского государственного университета. Серия: Новые гуманитарные исследования. - 2015. – № 1 (42). - С. 176-178.
4. Бегидова Т.П. Роль адаптивной физической культуры и спорта в инклюзивном образовании / Т.П. Бегидова, М.В. Бегидов, Е.В. Суханова // Адаптивная физическая культура. – 2019. – № 4. – С. 48–49.
5. Ефименко Н.Н. Методические феномены релаксации и напряжения в двигательной реабилитации детей. Педагогика и психология, 2013, с. 22-27